

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

12 қазан 2017 жыл

KASE және "Даму" Қоры ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) және "Даму" Кәсіпкерлікті дамыту қоры" (бұдан әрі – "Даму" Қоры) өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасты (бұдан әрі – Меморандум).

Меморандумды жасасу кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қолдау көрсету бойынша KASE мен "Даму" Қоры арасында ынтымақтастық аясын кеңейту бойынша бірлескен қызметін жалғастыруға, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру көздерін диверсификациялау арқылы және кәсіпкерлікті басқарушылық құзіреттілігін арттыруға бағытталады.

KASE мен "Даму" Қоры арасындағы ынтымақтастық шегінде қор нарығының негіздері бойынша оқыту бағдарламаларын және кәсіпкерлердің басқарушылық құзіреттілігін арттыруға арналған басқа да оқыту бағдарламаларын өткізу жоспарланды. Осы бағытта KASE мен "Даму" Қоры 2016 жылдан бері ынтымақтатық тәжірибесін алған. 2016 жылдың қарашасында "Даму" Қорының алаңында "Қор нарығы: кәсіпкерлік үшін жаңа көкжиектер" оқыту бағдарламасы, ал 2017 жылдың қазанында "Даму" Қорының алаңында "Корпоративтік басқару негіздері" оқу бағдарламасы өткізілді. Қосымша артықшылығы Қазақстанның аймақтарына бейнеконференция байланысы арқылы оқу бағдарламаларын трансляциялау болып табылады.

KASE мен "Даму" Қоры отандық компанияларды отандық қор нарыққа шығуды ынталандыру бойынша іс-шаралар кешенін өткізуді жоспарлады. Бұдан басқа, компаниялардың қаржылық ағымдарын бақаруда компаниялармен қор нарығының құралдарын қолдану практикасын кеңейту бойынша іс-шаралар кешені өткізіледі. KASE мен "Даму" Қоры кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар шегінде жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және енгізуді көздеді.

Атап айтқанда, 2016 жылы, құрамына "Даму" Қорының, Биржаның және "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ өкілдері кірген, жұмыс тобы жеке қазақстандық компаниялармен шығарылған, облигациялар бойынша купондық мөлшерлемелерді субсидиялаудың практикалық механизмін енгізу үшін қажетті түзетулерді әзірледі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.